

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ - ҒАЛЫМ, АҒАРТУШЫ

Мусина С.Д.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., доцент Р.С.Буктугутова
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті
rozalia.1954@mail.ru

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 5 наурыз күні 1870 жылы Қарқаралы уезінде, Семей облысында, Тоқырауын болысының жетінші ауылында дүниеге келген. Ол қазақтың мемлекеттік, саяси және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, ағартушы, ұлт-азаттық және Алаш партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, аудармашы. Әлихан Бөкейханов бала кездегі ақпараттар өте аз. Оның ата тегі Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошыдан тарағаны анық. Арғы атасы – Барақ Сұлтан еді. Қазақтың соңғы танымал хандарынның бірі Бөкей осы Барақ сұлтанның баласы. Бөкейден Батыр, Батырдан Мырзатай, одан Нұрмұхамед, Нұрмұхамедтен Әлихан туады [1, б.5]. Әлихан бала кезден бастап зерек, ақылды, тілге шешен болып өсті. Әкесі Әлиханды тоғыз жасынан молдадан білім алсын деп оқуға жібереді. Одан соң Әлихан Қарқаралының бастауыш мектебі мен кәсіби училищесінде 1879-1886 жылға дейін оқыған. 1886 жылы Омбыдағы техникалық училищеге оқуға түсті. Ол жатақханада тұрып оқитын болған. 4 жыл білім алған уақытта орыс тілін тез меңгерді. 1890 жылы үздік бітіріп шықты. Бірақ ОТУ-дың директоры Е.Доброхотов шәкірттінің білімін, таланттың көріп, оған оқуын жалғастыруға Санкт-Петербург қаласына жолдама береді. Өте қуанышты жағдайлардың бірі еді. 1890 жылы Орман институтында дербес экономика факультетінде орман агроном деген мамандыққа оқуға түсті. Топта жалғыз студент Бөкейханов болған. Санкт-Петербургта оқып жүріп, тағы бір жоғарғы оқу орнына түскісі келді. 1893 жылы Санкт-Петербург қаласының Императорлық университеттің заң факультеті курсына «экстерн» түрде тапсырады. Осылайша Әлихан Бөкейханов кәсіби заңгер дипломымен қоса, 1894 жылы Орман Институтын «2 дәрежелі орманшы-ғалым» дипломын алып, ойдағыдан бітіріп шықты. Оқуын бітіре сала «Тобыл экспедициясына» аттанған. 1895 жылы ақпан айында туған еліне Қарқаралы уезі Тоқырауын болысына оралды [2, б.12]. ХХ ғасырдың бас кезінде, Бөкейханов экономист болып, Ресей шекарасындағы нарық экономикасының сирек білікті маманы болды. 1905 жылдың қараша айында Әлихан Бөкейханов Мәскеуде өткен Ресей жергілікті басқару және қалалық қызметкерлерінің « Мен Оралдан Алтай жеріне дейін, Сібір темір жолы желісінен Омбыға дейінгі ұлан ғайыр жерді алып жатқан 4 миллион қазақ халқының өкілі болып табыламын» деп дауыстап сөз сөйлеген. Осы съезден соң, халық Әлиханды қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, ақылды көшбасшы, қаһарманы деп мойындаған. Әлихан Бөкейханов өз баяндамасында Қазақ жері көптеген зардаптарға ұшыраған аймақтар солтүстік-батыс, солтүстік және шығыс аймақтардың ғана аттары жиі қарастырып жүрген [4, б.29].

Әлихан Бөкейханов аудармашы да болған. Шетел аңыздарын, эпсаналарын, көптеген әңгімелер, ірі көлемді повестерді, романдарды қазақ тіліне аударған. Аты әлемге танымал орыс классигі Лев Толстойдың «Қажы-Мұрат» («Хаджи-Мурат»), «Сурат кофеханасы» («Суратская кофейная»), «Кавказ тұтқыны» («Кавказский пленник»), «Жұмыртқадай бидай» («Зерно с куриное яйцо»), «Күн» («Солнце – тепло»), «Жеті қарақшы» («Большая медведица»), «Бір адамға қан ша жер керек?» («Много ли человеку земли нужно?»), «Магнит» әңгімелерін аударды. Сонымен қатар Эзоп пен Л.Н. Толстойдан аударған мысалдары «Жетпіс жеті мысал» деген атпен жарық көрді. Ги де Мопассаннан: «Симонның әкесі» («Отец Симона»), «Күзетте» («У смертного одра»), Жарасын жасырған (алдырған) ана» («Старуха Соваж») «Ақсақ кемпір» шығармаларын аударды. Шерубай Құрманбайұлы жинағынан: «Пайғамбарға хат» («Письмо Магомету»), «Азамат Юсуф» («Мюск-джами»), «Ешкі тау» («Эчкидаг –Козья гора»), «Герейдің жойылуы», «Герейдің ажалы», («Гибель

Гирея»), «Құрбан қия» («Курбан-Кая – жертвенная скала»), «Тілік қия» («Деликли Кая»), «Сұлтан Сәли» («Султан-Салэ»), «Жынның моншасы» («Чертова баня»), «Қыздың сарайы» («Девичья башня»), «Жын мен қызыл» («О Шайтане и кизиле»), «Махаббат» («Святая могила»), «Антарам» сынды аңыздар мен әпсаналарды аударған [5, б.126]. Қазіргі уақытта Әлихан Бөкейханов жайында өте көп ақпараттар сақталып отыр. Оның өмірбаяны, шығармалары, нақыл сөздері, монография туралы кітаптар бар. Бірнеше кітаптарға тоқталып өткім келеді. Біріншісі: «Әлихан Бөкейханов. Alikhan Bukeikhan. Алихан Бокейхан»- жинақ. Авторы- С.Аққұлы. 2016 жылы жарыққа шыққан. Кітап ЮНЕСКО «шынайы бүкіл әлемдік даңқы қайраткер» деп таныған Ә.Бөкейханның 150 жылдығына арналған кітап жинағы. Екіншісі: «Әлихан Бөкейхан және түркі дүниесі»-жинақ. Құрастырған- С.Аққұлы. 2015 жылы Халықаралық Түркі академиясының ғылыми кеңесі ұсынған кітап. Жинақ түркітанушы ғалымдарға, зерттеушілерге, студенттерге, ұлт руханиятына қызығатын жалпы қауымға арналған кітаптардың бірі[6, б. 146]. Ә.Бөкейханов Ресейдің көрнекті экономист, географ ғалымдарымен бірлесе жұмыс істеп, «Россия біздің отанымыздың жалпы географиялық сипаттамасы» атты көп томдық еңбектің 1903 жылы шыққан қазақ өлкесіне арналған 18 томның тарауларын жазуға қатысқан. Әлекең қазақтар туралы шынайы мәліметтер келтіріп, қазақтарды асқақтатады. Қазақтың ой-өрісі мен дүние танымы, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, ежелгі мәдениеті мен тарихы сияқты қасиеттері анағұрлым озық тұрғанын аңғартады. [7, б.23-27]. Әлихан Бөкейхановтың осындай белсенді саяси қимылдары патша өкіметін сескендіріп, оны қазақ даласынан аластап, Самара қаласына жер аудартып жібереді. Онда 1908-1917 жылдары тұрып, қазақ қоғамының тыныс-тіршілігінен қол үзбеген. «Қазақ» газетіне «Қыр баласы» деген атпен ел тіршілігінің өткір де түйткіл мәселелеріне ден қойған мақалалар жазады[8,156 бет]. Кеңес орындары Әлихан Бөкейхановқа тыныштық бермей, 20-жылдары екі рет тұтқындап, онда амалсыз босатып, ақыр аяғында 1937 жылдың 27 қыркүйекте науқанында қанды шеңгелге алады. Мәйіті Мәскеудегі Дон зиратының крематорийінде өртеліп, күлі бауырластар бейітіндегі «№1 шұқырға» қойылған. Алайда, Әлихан Бөкейхановтың қыздары, ұлдары, немерелері туған жерінде емес, Мәскеуде жерленген. [9, б.697].

Қорытып айтқанда, Әлихан Бөкейханов қазақ еліне сіңірген еңбегі шексіз. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін Бөкейханның құрметіне орай есімі берілген көшелер. Қарап тұрсақ әрбір қалада Бөкейханов қайраткеріміздің атын кездестіруге болады. Алаш партиясының жетекшісінің есімі берілген еліміздегі білім ошақтарында жиі кездестіруге болады. Олар: Қарағанды, Ақтоғай ауданы, Шымкент, Ақтөбе және т.б. қалаларында кездестіруге болады. Әлихан Бөкейханов жөнінде фильмдер: 1994 жылы «Алаш туралы сөз» деректі фильм. Режиссері: Қ.Умаров. 2009 жылы «Алашорда» деректі фильм. Режиссері: Қ.Умаров. 1992 жылы Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Ақтоғай аудандық кеңестік шешімімен ол туған ауылға Ә.Н.Бөкейханов есімі берілген еді [10, б.144-145]. Әлихан Бөкейханов өзінің нақыл сөздерінің бірі: «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды», - деген. Шынымен де, көш басшы болу үлкен жауапкершілікті, ауыртпашылығына төзе білу қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Астана, 2009ж/ Л.С.Ахметова, В.К.Григорьев, Г.Н.Шойкин // «Қазақстан: елдің XX ғасырдағы басты тұлғалары» сериасы, 5 бет
- 2 Әлихан Бөкейханов энциклопедия /Бас.ред. Ж.Тойбаева.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. 12бет
- 3 Мұхамедханов,Қ.Әлихан Бөкейханов //Абай Экспедициясы.-Алматы: Қазақ энциклопедия: Атамұра,1995. 166-167бет
- 4 Әлихан Бөкейханов Шығармаларының толық жинағы 5том /Астана 2010, 29 бет

- 5 Әлихан Бөкейханов энциклопедия /Бас.ред. Ж.Тойбаева.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018, 126 бет
- 6 Әлихан Бөкейханов энциклопедия /Бас.ред. Ж.Тойбаева.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018, 146 бет
- 7 Атабаев Қ. Ә. Бөкейхановтың деректанушылық көзқарастары // Қазақ тарихы. – 1999. №1. 23-27 бет
- 8 Байтұрсынов А. Ақжол / А.Байтұрсынов.- Алматы: Жалын, 1991. 156 бет
- 9 Бөкейхан Әлихан. Таңдамалы / Ә.Бөкейхан.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 697 бет
- 10 Әлихан Бөкейханов энциклопедия /Бас.ред. Ж.Тойбаева.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. 144-145 бет

ОСОБЕННОСТИ ИСЛАМА В СОВРЕМЕННОМ ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ

Прилуцкий М.А.

Научный руководитель: м.г.н., преп. Мәкен Ә. Б
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
michael.priluzki@gmail.com

Казахстан часто считают мусульманской страной. Он действительно находится в зоне традиционного исламского влияния, но ислам появился и распространился на этой территории гораздо позже, чем в других странах традиционного исламского влияния [1, с. 588]. На территории современного Центрального Казахстана ислам также имеет свои особенности. Это обусловлено рядом исторических и социальных причин.

На территории Центральной Азии ислам появился в VII веке в результате арабской экспансии, которая привела армии халифата к берегам Амударьи. Когда в 709 году завоевателям удалось покорить Бухару, присоединив её к халифату Омейядов, они обратили в ислам множество местных жителей [2, с. 44]. С приходом к власти династии Аббасидов в середине VIII века, ислам превратился в мировую религию. К IX веку мусульманские географы отмечали Мавераннахр (территории на пересечении торговых путей между Индией, Китаем и государствами Средиземноморья) неотъемлемой частью мусульманского мира [2, с. 45].

Несмотря на то, что исламизация Центральной Азии началась в VII веке, кочевые племена, воспринимали канонический ислам сложнее, чем оседлое население. Ислам требует развитой городской инфраструктуры для распространения знаний Священных Писаний через медресе. Кочевая культура была устойчива к любой форме теократии или строгим практикам канонического ислама [3, с. 245]. Медленные темпы этого процесса так же можно объяснить удаленностью Казахстана от мусульманских центров, его обширной, малонаселенной территорией [1, с. 588]. Большинство казахов были обращены в суннитскую ветвь ислама к концу XIX века. Однако даже после этого кочевники продолжали полагаться на свои собственные социокультурные ценности и адат, сочетая свои доисламские религиозные традиции с предписаниями ислама [3, с. 245]. Таким образом, распространение ислама на территории Казахстана изначально имело свои трудности.

Советская политика подавления религиозных идей и проявлений так же не способствовала распространению ислама в Советском Казахстане. Хотя власть в СССР занималась распространением грамотности и доступности печатных изданий, она следила и за тем, чтобы навыки чтения и письма не использовались для приобретения религиозного знания. Однако, данная политика лишь немного видоизменила способ передачи исламского знания – религия стала синонимом обычая, а знание передавалось в устном виде [2, с. 166].